

«БЕКІТЕМІН»  
«Алтын сақа» жекеменшік шағын орталық басынысы

Досбергенова А.К.

«20» 2011 ж.



Мектепке дейінгі тәрбиешінің лауазымдық нұсқаулығы  
Тәрбиешілердің лауазымдық міндеттері.

Балалардың денсаулығын сактау мен қорғау қызметін қамтамасыз етеді: оларды оқыту мен тәрбие беруде денсаулық сактайтын технологияларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына, жас ерекшелік топтарының үлгілік оқыту жоспары бойынша оку қызметінің кестесіне сәйкес педагогикалық процесті жүзеге асырады, пәндік-дамытушылық органдың қалыптастырырады, балалардың шығармашылығына (ойындық, танымдық, қозғалыс, көркемөнер, еңбекке баулу) жетекшілік етеді.

Балалармен жұмыс істеу кезінде жекелер және бағыттық әдісін іске асырады.

Дамуында ауытку байкалатын балалармен түзуе қызметі саласында еңбек ететін мамандармен бірлесе жұмыс жасайды, жалпы білім беретін оку бағдарламаларын, оку-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу негізінде және топтағы балалардың жеке талаптарын ескере отырып тәрбие-білім беру жұмыстарын жоспарлайды.

Тәрбиелеу мен оқыту қызметін қол жеткен жетістіктерді корытындылай отырып жоспарлайды.

Мұмкіндіктері шектеулі балалар мен қалыпты жағдайда дамып келе жатқан балалардың мектеп жасына жеткенде мұмкіндіктерінің тен дәрежеде болуын қамтамасыз ету үшін бірге тәрбиелеу және оқыту арқылы оларды әлеуметтендіруді жүзеге асырады.

Мамандардың ұсынымдарын ескере отырып, мұмкіндігі шектеулі әрбір баламен жеке жұмыс жүргізеді.

Отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу жұмыстарының, авторлық шығармалардың негізінде педагогикалық қызметтің жаңа бағыттарын зерделеумен және оны жұмыс барысында қолданумен шүғылданады.

Үлгілік оку жоспары мен медициналық персоналдың ұсынымдарын ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес дene шынықтыру (жұзу) бойынша ұйымдастырылған оку қызметін жоспарлайды және жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талабына сәйкес балаларды эстетикалық дамыту мен музыкалық тәрбиелеуді жүзеге асырады.

Музыкалық сабакты, балалар мерекелерін және басқа да мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастырылады және өткізеді, музыкалық дарынды балларды анықтайды. Балалармен жеке жұмысты жүргізеді.

Балалардың ойын әрекеттерін ұйымдастыруға қатысады, түрлі музыкалық және дидактикалық ойындар өткізеді.

Педагогикалық кеңестерді дайындауға, әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысады.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және оқыту барысында ата-аналарға консультативтік көмек беруді іске асырады. Балалардың құқыктары мен мұдделерін қорғайды.

Білім беру ұйымдарында "Күндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасын білім беру процесінде барлық нысандар, оның ішінде балалар отбасыларының қатысуымен енгізеді.

#### Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыйбайлар жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңдары және білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін;

- психология және педагогика, алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін, еңбекті қорғау және кауіпсіздік техникасын, санитарлық ережелерді;

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық күжаттарын.

- педагогке койылатын жалпы талаптарға сәйкес келуі керек.

әдіснамасын білу;

- жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру мен оқытуға жеке көзқарас жүргізу;

- бірлескен перспективалық жоспар мен циклограмма жасау;

- окушылардың білім, білік және дағдыларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты деңгейінен төмен болмауын қамтамасыз ету;

- ата-аналармен немесе оларды алмастыратын адамдармен қарым-қатынас жасау;

- әдістемелік жұмыстарға қатысуға; балалардың дамуын диагностикалау; білім беру ұйымы ресурстарын қолданады.

деңгейіндегі іс-шараларға қатысады, кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын менгереді, сандық білім беру

Нұсқаулықпен таныстым :

(Т.А.Ә.)	(қолы)	(күні)
1. Зрикова Н. Р. :		
2. Кемесбаев К. С. :		
3. Тассирханов Д. Г. :		
4. Күсекуттосова С. З. :		
5. Рахимова М. А. :		